



• Сайлау

• Сайлау

• Сайлау

ШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ОРЫНБАСАРОВ БЕРІК ЖАҚСЫБЕКҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ:

Орынбасаров Берік Жақсыбекұлы 1974 жылдың 10 сәуірі күні Түркістан облысы, Отырар ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 1996 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін бітірген. Мамандығы - заңгер.

Еңбек жолын 1996 жылы Түркістан ауданындағы Молда Мұса атындағы орта мектебінің мұғалімі болып бастаған. 1999-2002 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет басқармасы заңды тұлғаларды тіркеу бөлімінің бас маманы, 2008 жылдан осы уақытқа дейін Отырар ауданы, Шілік ауыл округі әкімі аппаратының бас маман-іс басқарушысы қызметін атқарып келеді. «Аманат» партиясының мүшесі.

Отбасылы, 2 ұл мен 1 қызды тәрбиелеуде.

БАҒДАРЛАМАСЫ:

Барлығымыз ауылдардың мықты, әдемі және гүлденгенін қалаймыз. Онда әрбір адам лайықты өмір сүре алады, табысқа жетеді және өзінің барлық мүмкіндіктерін іске асырады. Өзіміздің бағдарламамды жаңа жұмыс орындарын құру қажеттілігімен, шағын және орта бизнес жүйесін кеңейтумен, сондай-ақ қазақ мемлекеттілігін нығайтумен, дамытумен және ұлтаралық келісіммен байланыстырамын. Өзіміздің алдыма қойған міндетім қарапайым және түсінікті – ауыл тұрғындарына жайлы өмір қалыптастыру. Менің жұмысымының не-



гізгі принципі ауыл тұрғындарының игілігі үшін нақты істер болып табылады, адамдарды толғандыратын мәселелерді шешу.

Шілік ауыл округі әкімнің негізгі міндеті – ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру, ол жақсы жолдар, ауылды абаттандыру, көгалдандыру, тазалық, сапалы байланыс, ауыз су, газ, электр энергиясының үздіксіз беріліп тұруы, қолайлы эпизоотиялық жағдай, лайықты медициналық қызмет көрсету, сапалы білім, спорт және мәдениетпен айналысу үшін қолайлы жағдай жасау, ауыл шаруашылық өндірісін және бизнесті дамыту.

Шілік ауылы дамуының жоғары әлеуетті

және үлгілі, көрнекті елді мекен болып табылады. Ауыл округіне қарасты екі елді мекен ішінде ауыл тұрғындарының өмір сүруі үшін жоғары стандартқа жетуге, мына шараларды өткізуді қолға аламын.

- Ауыл округіне қарасты ауылдарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Жаңа Шілік елді мекенінің ауыз су жүйелерін қайта құру;

- Іске асырылатын әлеуметтік мәселелерді шешуді жалғастыру, Жаңа Шілік елді мекенінен Тұрғанбай датқа көшесі бойынша аяқжол салу, С.Сейфуллин көшесін асфальттау, аяқ жол салу, Ескі Шілік елді мекенінен Бейбітшілік және №4-көшелерін асфальттау, Ескі Шілік елді мекенінен Арыстанбаб, С.Исаев көшелерін жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастыру;

- Жаңа Шілік елді мекенінен мәдениет үйінің салынуына ықпал ету;

- Ауыл округіндегі "Қосарық", "Терекарық" арықтарын бетон жабындысымен қаптау жұмыстарын ұйымдастыру;

- Ескі Шілік елді мекенінен ойын алаңшасын салу;

- Инвестициялық жобаларды іске асыру, шаруашылық субъектілерінің өндірісін ұлғайту және өнімдерін өңдеу, жаңа жұмыс орындарын құру;

- Жеке кәсіпкерлерді тарта отырып, ауылдық округте қызмет көрсету объектілерін шаштараз, тігін цехы және наубайхана ашу, ауылда кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік бағдарламалар

бойынша жеңілдік несие қаржы алу үшін кәсіпкерлік қызметті бастауға мүмкіндік жасау;

Елді мекендерді абаттандыру бойынша жұмысты жалғастыру;

1. Жаңа Шілік елді мекенінің ауыз су жүйесін қайта жөндеу.

2. Мәдениет үйі.

3. Жаңа Шілік елді мекеніндегі С.Сейфуллин, М.Мәметова көшелеріне және ішкі жолдарға тас төсеу, асфальттау.

4. Тұрғанбай датқа көшесі бойынша аяқжол салу.

5. "Қосарық", "Терекарық" арықтарын бетон жабындысымен қаптау.

6. Қосымша Ескі Шілік елді мекенінен балалар ойын алаңшасын салу.

7. Көше бойларын жарықтандыру, Ескі Шілік елді мекеніндегі Арыстанбаб, С.Исаев көшелерін.

8. 4-бюджет есебінен көшелерге тас төсеу.

9. Балабақша салу.

Әкімнің күнделікті жұмысының ажырама бөлігі болып жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, мектептермен, ардагерлер кеңесімен бірлескен жұмыс, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына жәрдем көрсету, оқуға жіберу, жұмыссыздарды оқыту, кейін жұмысқа орналастыру мен құқық қоғам органдарымен қоғамдық тыныштықты сақтау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау, құқықтық тәртіпті қорғауға байланысты профилактикалық жұмыс жүргізу.

• Сайлау

• Сайлау

• Сайлау

ШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ТУЛЕНОВ АМАНТАЙ МАХАНОВИЧ

ӨМІРБАЯНЫ:

Туленов Амантай Маханович 19.06.1978 жылы ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-экономикалық колледжінде салық ісі мамандығы бойынша және 2013 жылы М.Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтында қаржы мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2002 ж. ОҚО жылжымайтын мүлік тіркеу орталығы РМҚ Отырар аудандық филиалында жұмысшы болып бастаған.

2002-2007 ж. Отырар аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде инспектор.

10.05.2007-01.03.2012 ж. аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұмыспен қамту секторының бас маманы.

01.03.2012-01.03.2013 ж. аудандық ішкі саясат бөлімінің жетекшісі маманы.

01.03.2013-07.12.2020 ж. аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі есеп беру және әкімшілік секторының бас маманы.

07.12.2020 жылдан қазіргі уақытқа дейін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі есеп беру және әкімшілік секторының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Отбасылы. 3 қызы мен 2 ұлы бар.



БАҒДАРЛАМАСЫ:

Өзіміздің бағдарламамды халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын құру, шағын және орта бизнесті кеңейту, кәсіпкерлікті дамытумен байланыстырамын. Өзіміздің алдыма қойған міндетім ауыл тұрғындарына қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету. Менің жұмысымының негізгі принципі-жариялық пен ашықтық.

Шілік ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуына өз күзіреті шегімде мемлекеттік саясатты жүргізу, жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру. Тиісті әкімшілік

аумақтағы әлеуметтік инфрақұрылымды яғни, әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім және мектепке дейінгі тәрбие беру, спорттық-сауықтыру, басқа да халыққа қызметтерді көрсететін ұйымдардың үйлесімді жұмыс істеуін және елді мекеннің қалыпты тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету.

Ауыл округіне қарасты ауылдарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Жаңа Шілік елді мекенінің ауыз су жүйелерін қайта құру.

Ел болашағы жастар болғандықтан ауыл округіндегі жастардың жұмыссыз бос жүрмеуіне, мәдениетті, білімді, іскер әсіресе жастар арасында жоғары мәдениеттілік пен этиканың қалыптасуына ықпал етіп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты ауылдың клуб, кітапхана жұмыстарын жандандыру.

Жұмыссыз ауыл тұрғындары мен тұрмысы төмен аз қамтылған отбасыларын әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында ауыл тұрғындарына қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету. Менің жұмысымының негізгі принципі-жариялық пен ашықтық.

Ардагерлер, жастар, әйелдер және басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, ата салт дәстүрімізді, ауыл тарихын, дәстүрлі дінімізді кеңірек насихаттауды ұйымдастыру.

Жеке кәсіпкерлерді тарта отырып, ауылдық округте қызмет көрсету объекті-

лерінен шаштараз, тігін цехы және наубайхана ашу, ауылда кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдік несие қаржы алу үшін кәсіпкерлік қызметті бастауға мүмкіндік жасау.

Зейнет жасындағы азаматтардың емдеу-сауықтыру орындарына баруын, реттілік сақталуын ауыл әкім ретінде бақылауда ұстаймын.

Ауыл тұрғындарының тұрақты түрде сапалы медициналық тексеруден өтуін, туу жасындағы және денсаулығында «қауіптілігі жоғары» ерекшеліктері бар аналарға тұрақты медициналық тексеру өтуі мен көмектің көрсетіліні тұрақты бақылауда ұстаймын.

Ауылдық емдеу мекемесіндегі материалдық-техникалық базасының күшейтуге, компьютерлік техникалармен қамтылуына ықпал жасаймын.

Ауыл тұрғындарының қолындағы малдарын асылдандыру жұмыстарын жүргізуіне, одан алынатын өнімдердің сапасының артуын қолға ала отырып, әр отбасына кіретін табыс көлемін ұлғайтуға күш саламын.

Өзіміздің баркүш-жігеріммен білімді, тәжірибемді тұрғындармен ынтымақтаса отырып, ата салт дәстүрімізді, ауыл тарихын, дәстүрлі дінімізді кеңірек насихаттауды ұйымдастыру.

ШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР РАХИМОВ РУСЛАН ТӨЛЕНБАЙҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ:

Рахимов Руслан Төленбайұлы 1985 жылы 24 қаңтар күні Түркістан облысы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2008 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін бітірген. Мамандығы - археология және этнология бақлаушы, 2016 жылы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетін бітірген. Мамандығы - мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика және бизнес бақлаушы.

Еңбек жолын 2009 жылы Отырар аудандық жастар тәжірибесі жолдамасы бойынша Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде іс тәжірибеден өтіп бастаған. 2009-2010 жылдары аудандық ішкі саясат бөлімінде оператор, 2010-2011 жылдары Түркістан қаласындағы «Нұр-Строй ЛТД» мекемесінде қоймашы, 2011-2013 жылдары Отырар аудандық ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы КММ-нің әдіскері, 2013-2016 жылдары Талапты ауыл округі әкімі аппаратының бас маман-инфрақұрылым маманы, 2016-2020 жылдары аудан әкімі аппараты персоналды басқару бөлімінің бас маманы, 2020 жылдан осы уақытқа дейін аудан әкімі аппараты персоналды басқару бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 6 ұл-қызды тәрбиелеуде.



БАҒДАРЛАМАСЫ:

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Шілік ауылы округі әкімдігіне үміткер ретінде ауыл әкімі лауазымына сайланған жағдайда мына төмендегі жұмыстарды үйлестіруге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында аудандық әкімдіктің лауазымды адамы болып табылатындықтан мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарында оның атынан сенімхатсыз өкілдік ете отырып, азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарауға, азаматтардың құқықтары мен

бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануды;

Жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесуді;

Қоғамдық көлік қозғалысын, мектепке дейін тәрбие беретін және оқытатын ұйымдардың, мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етуді, өз күзіреті шегінде елді мекендерді сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды және су пайдалану мәселелерін реттеуді, елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды;

Шілік ауыл округінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында тікелей ауылды жерлерде шағын және орта бизнесті дамытуға барынша күш салу. Бүгінгі күннің талабына сай шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты төменгі пайызда несие алу мәселелерін шешу жолдарын қарастыру;

Ауыл тұрғындарының қолындағы малдарының асылдандыру жұмыстары жүргізілуіне, одан алынатын өнімдердің сапасының артуын қолға ала отырып, әр отбасына кіретін табыс көлемін ұлғайту;

«Жасыл аймақ» бағдарламасына байланысты ауыл округі көлемінде барлық қажетті шараларды атқару; Үкімет бағдарламалары аясында кәсіпкерлікті

қолдау мүмкіндіктерін кеңінен, тиімді пайдаланып, жаңа жұмыс орындарын ашуға қол жеткізу.

Іске асырылатын әлеуметтік мәселелерді шешуді жалғастыру, ауыл ішіндегі жолдарды орташа және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді тиісті мекемелер арқылы атқару, көшелерді жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Ауыл округіндегі тұрмысы төмен, мүмкіндігі шектеулі отбасы мүшелерінің бірінші кезекте ыңғайына қарай жұмысқа орналасуына тиісті мекемелер арқылы мүмкіндік жасау;

Өз күзіреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

Қоғамдық ұйымдардың жұмысын жолға қою, осы ұйымдар арқылы ардагерлердің, мүгедектердің, көп балалы аналардың, жастардың және аз қамтылған мүмкіндігі шектеулі ауыл тұрғындарының түрлі демалыс орындарында демалып, денсаулығын түзеу шараларына көмек беру;

Осы бағдарламада көрсетілген барлық жағдайларды іске асыруда өзіміздің бар білімім мен мүмкіндігімді пайдаланып, тиісті орындарға ұсыныс жасап, тағы да басқа толық шешімін таппай жатқан мәселелерді жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып шешуге, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту жолында белсене жұмыс жасаймын.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Корпоративный фонд "Kazakhstan Central Asia (Казахстан централ Азия)" планирует проведение общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту: Отчет о возможных воздействиях «Строительство ИВПШ для приема самолета B787-9 Dreamliner с оснащением светосигнальным оборудованием, рулежных дорожек и мест стоянки самолетов на аэродроме Халыфан в Туркестанской области».

Дата, время и место проведения общественных слушаний:
1) 28 мая 2024 года. Время проведения слушаний: 11:00 по адресу Туркестанская область, Отрарский район, Коксарайский с.о., с. Коксарай, улица Коксарай, здание 15, актовй зал.

2) 28 мая 2024 года. Время проведения слушаний: 15:00 по адресу Туркестанская область, Отрарский район, с.о. Маякүмский, с. Маякүм, улица Серім Сейітбеков, д.4, актовй зал.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылку на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме можно запросить по электронной почте: iporken@inbox.ru.

Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: Корпоративный фонд "Kazakhstan Central Asia (Казахстан централ Азия)", юр. адрес: г. Шымкент, Абайский район, микрорайон Тулпар, Д.51. БИН 210440010262.

Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения: nurota@inbox.ru

Разработчик документации: ИП «Оркен», +7/701/8474319, iporken@inbox.ru С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecorport.kz/>).

Дополнительную информацию, относящуюся к проектам, можно получить по электронной почте: iporken@inbox.ru тел. 8-701-847-4319.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и рутелирования природопользования Туркестанской области», по адресу: г. Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, здание №20, эл.адрес k.abdualiev@ontustik.gov.kz, тел. 8(72533)5-98-51.

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

«Kazakhstan Central Asia (Казахстан централ Азия)» корпоративтік қор ЖШС «Түркістан облысында, Халфан аэродромында жарық сигналдық жабдықтармен, рулеж жолдарымен және арналған ұшақ тұру орындарымен жабдықталған B787-9 Dreamliner ұшақтарын қабылдауға ұшу-қону жолағының құрылысы» жұмыс жобасына қоршаған ортаға әсерін бағалау есебі бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Қоғамдық тыңдауларды өтетін күні, уақыты және мекен-жайлары:

1) 2024 жылдың 28 мамыры күні, өткізу уақыты: 11:00-де, мекен-жайы: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Көксарай ауылдық округі, Көксарай ауылы, Көксарай көшесі, №15 ғимараттың акт залы;

2) 2024 жылдың 28 мамыры күні, өткізу уақыты: 15:00-де, мекен-жайы: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Маякүм ауылдық округі, Маякүм ауылы, Серім Сейітбеков көшесі, №4 үйдің акт залы.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Онлайн режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтемені келесі электрондық пошта бойынша сұратуға болады: iporken@inbox.ru.

Белгіленген қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: Корпоративтік қор "Kazakhstan Central Asia (Қазақстан Орталық Азия)", заңды мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Тұлпар шағын ауданы, №51 үй. БСН 210440010262.

Тапсырыс берушінің ескертулер мен ұсыныстар қабылдайтын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы: nurota@inbox.ru

Құжаттаманы әзірлеуші: «Оркен» ЖК, +7/701/8474319, iporken@inbox.ru Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorport.kz/>) танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ММ «Түркістан облысының табиғи ресурстарды басқару және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, №20 ғимарат, эл.пошта: k.abdualiev@ontustik.gov.kz, тел. 8(72533)5-98-51.